

Г.Б. Нарымбет*, С.К. Кабылтаева, Г.Д. Байбосынова

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: n.gulnur_85@mail.ru; utebaeva81@mail.ru; gulza-79@mail.ru)*

Жошы ұлысы тарихын зерттеудегі қазақ батырлар жырының тарихи дерек ретіндегі рөлі

Мақалада батырлар жырын тарихи дерек ретінде қарастырудың қажеттілігі жекелеген халықтардың тарихи сана-сезімінің өсуімен және қазіргі заманғы ғылымның талабымен түсіндірілген. Авторлар Едіге батыр жырының өзіндік ерекше орнын және оның идеясы мен мотивін анықтаған. Жырдың негізінде түркі халықтарының әлеуметтік-саяси және мәдени саладағы тарихи оқиғаларын зерттеудің маңыздылығы атап көрсетілген.

Кілт сөздер: батырлар жыры, Едіге батыр жыры, эпос, тарих, фольклор, тарихи дерек, Алтын Орда, Жошы ұлысы.

Kipicne

Әрбір тарихи кезеңнің өз идеологиясы мен мәдениеті бар және оның әрбір тарихи кезеңдегі маңызды компоненттерінің бірі — халық шығармашылығы. Фольклорлық мұра — ұжымдық ой бола отырып, әлеуметтік-саяси, эстетикалық, этикалық және діни көзқарасты көрсетіп, әрбір халықтың жылнамалық жинағын құрайды. Жошы ұлысы халықтарының фольклоры, соның ішінде олардың рухани мәдениеті бірден қалыптасқан жоқ. Ол өзіне дейінгі кезеңнің фольклоры, мифологиясы, этникалық тарихы мен дәстүрінің жалғасы ретінде пайда болды және бұл Алтын Орда кезеңінің фольклорында байқалады. Сол кездің өзіне дейінгі кезеңнің дәстүрі негізінде қалыптасты және Алтын Ордамен экономикалық, саяси, қоғамдық байланыста болған халықтардың фольклорының ықпалына түсті. Осылайша, аталған кезеңнің фольклоры бір жағынан сол халықтардың мифологиясына сүйене отырып дамыса, екінші жағынан жекелеген әрбір халықтың тарихын, өмірлік мұраты мен тарихының көрінісі болып саналады. Осымен бірге, фольклор өз дәуірі идеологиясының бір түрі. Сондықтан, фольклорда сақталған мәліметтер түркі халықтарының дүниетанымын терең түсінуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда қазақ батырлар жырының арасында «Едіге батыр» жырының өзіндік ерекше орны бар.

Өзімізге белгілі, XX ғ. 40 жылдарынан бастап Едіге батыр және оның ұрпақтарына байланысты жырлардың бәрі де жарияланбай келді. Себебі татар обкомының жұмысы туралы 1944 ж. тамызда «Татарстан партия ұйымы бұқаралық-саяси және идеологиялық жұмысының жайы мен оны жақсартудың шаралары туралы» ВКП(б) Орталық Комитеті қаулы алып, сонда қатты сыналды. Бұл өткен заманды дәріптеушілік, бұнда басқыншылықты ақтау бар деген айып тағылды. Осымен бірге, 1947 ж. бастап Қазақстанда да едігетану тоқтатылды. 1947 ж. 21 қаңтарда ҚК(б)П Орталық Комитетінің қаралы қаулысы шығып, онда «Қазақ әдебиеті тарихын» құрастырушылардың саяси босандығы сынға алынды. Қаулы шыққан соң құрастырылып жатқан «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томына енген «Едіге» жыры, оның ұрпақтарына қатысты «Орақ-Мамай» жыры алынып тасталынды. 1953 ж. Қазақ КСР Ғылым академиясының Президиумының ұйымдастыруымен өткізілген қазақ эпосы туралы пікірталасы негізінде бұл жырларға одан әрі айып тағылды. Сондықтан осы уақытқа дейін жүзеге аспай келе жатқан эпостың ұлттық нұсқаларын тәуелсіз көзқарас тұрғысынан салыстыра зерттеу өзекті болып саналады.

«Едіге батыр» жырының басты кейіпкерлерінің Едіге, Тоқтамыс хан, Ақсақ Темір, Нұраддин сияқты дүниежүзіне танымал тұлғалар болуы жырдың тарихи негіздеріне айрықша назар аударуды талап етті. Себебі заманында жарты әлемді біріктірген айбынды Алтын Орданы он сегіз жыл билеген Тоқтамыс хан, он жеті жыл бойы оның билік тұтқасын ұстаған Едіге, әлемге әйгілі жиһангер Ақсақ Темір есімдерінің өзі жырға үлкен тарихи тұрғыдан қызығушылық тудырады.

Зерттеу әдістері

Мақаланың теориялық-әдіснамалық негізін диалектика және объективтілік принциптері құрайды. «Едіге батыр» жырының дамуын, оның себеп-салдарын анықтау барысында диалектика

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: n.gulnur_85@mail.ru

принципі пайдаланылды. Объективтілік принципі «Едіге батыр» жырының тарихи дерек ретіндегі рөлін анықтауға мүмкіндік берді. Историзм принципі белгілі бір кезеңде және орында нақты бір тарихи оқиғалардың ықпалы арқасында пайда болған фольклорлық құбылыстардың (сюжеттердің, образдардың, мотивтердің т.б.) пайда болуын зерттеуде басшылыққа алынды. Зерттеудің негізгі әдістері – сипаттау, салыстырмалық-тарихи, тарихи-типологиялық әдістері. Олардың негізінде «Едіге батыр» жырының сюжеті мен мазмұнына талдау жасалған.

Талқылау

Тарихи және мәдени тұрғыдан алған кезде түркі халықтары Алтын Орданың мұрагерлері. Қазіргі қазақтар, татарлар, қырғыздар т.б. түркі халықтары жеке этнос ретінде Алтын Орда кезеңінде қалыптаса бастады. Сондықтан, осы кезеңнің фольклорлық мұрасы түркі халықтарының ортақ игілігі болып саналады. Әрине, Алтын Орда кезеңі қазақ халқының мемлекеттік тарихында, оның өнері мен әдебиетінде үлкен рөл атқарды. Алтын Орда кезеңінің әйгілі қайраткерлер есімдерінің батырлар жырларында сақталып қалғаны және қазақ халқының тарихы ауызша тарих айту дәстүрі шежіре, тарихи аңыз-әңгімелер, ақын-жыраулардың толғаулары арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырғаны баршаға мәлім. Қазақ халқының ауызекі шығармашылығы, әсіресе XIII-XVIII ғасырларда күшті дамыды. Қыпшақтар мен басқа да түркі тайпаларының өркен жайған ауызша поэзиясы болды. Көркем сөздің нағыз шебері болған Сыпыра жырау мен Қодан тайшы, Асан қайғы мен Қазтуған (XIV-XVI ғғ.) жыраулардың шығармашылығы кеңінен танылып, олар шығарған тарихи шындықты бейнелейтін батырлар жыры халық зердесінде сақталды. Алтын Орда мен Дешті Қыпшақ халқының тарихын бейнелейтін «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Едіге батыр» және басқа жырларды солардың қатарына жатқызуға болады.

Осылардың ішінде «Едіге батыр» эпосы Алтын Орда дәуірі әдебиетінің құрамына кіреді. Көптеген қаһармандық эпостардан тарихта жасаған адамдардың бейнесін іздеу мүмкін емес, ал «Едіге батырға» зор тағылымдық, танытқыштық қуат беріп тұрған қиялдағы емес, халықтық санада өшпестей болып танбалған Алтын Орда дәуіріндегі ірі оқиғалардың ізі екені даусыз. «Едігенің» көп версиялы, ондаған нұсқалы, халық жүрегіне жақын болып қалыптасуының негізгі бір себебі тілінің көркем, композициясының шебер болғандығына ғана байланысты емес, түркі халықтарының есінен кетпестей орын алған сол оқиғаларға да қатысты. Едіге жырындағы оқиғалар XII ғасырдың ортасы мен XVI ғасыр аралығын қамтиды. Ал оқиғалардың өткен жерлері — Дешті Қыпшақ аумағы мен оған іргелес аймақтар.

Жырдың дәстүрлі нұсқаларын кезінде Ш. Уәлиханов, П.М. Мелиоранский, Г.Н. Потанин, В.В. Радлов, И.Н. Березин, А. Беляев, Н.И. Веселовский, Ә. Диваев, С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов сияқты ғалымдар мен жазушылар зерттеп, жоғары бағалаған. Академик В.М. Жирмунскийдің айтуынша, «Ер Едіге» жырының орыс тіліне аударылған 30 нұсқасы (оның 15-і қолжазба күйінде сақтаулы) бар. Ал Қазақстанның Орталық ғылыми кітапханасында жырдың 6 нұсқасы сақталған.

«Едіге» эпосын зерттеу мәселесі кеш қолға алынған. Жырды алғаш баспасөз бетінде жариялаған түркі халықтарының фольклорын зерттеуде көп еңбек еткен Ресей Ғылым академиясының шығыстану саласындағы тұңғыш корреспондент-мүшесі Г.И. Спасский (1783-1864) болды. Ол 1818-1824 жылдары Санкт-Петербуртта «Сибирский вестник» деген журнал шығарған. Журналда жалғыз Сібір ғана емес, Қазақстан мен Орта Азия халықтарының этнографиясы мен географиясы, фольклоры мен тарихы туралы материалдар басылып тұрды. Ғалым «Едігенің» үзіндісін қара сөз түрінде жазып алып, өз журналында 1820 жылы жариялады [1].

Жалпы, біз қарастырып отырған тұста, яғни Алтын Орда мемлекетінің ең күшейіп, гүлденген тұсы Өзбек хан билігі кезінде-ақ мемлекеттің болашақ дағдарысының шарттары пісіп-жетіле бастаған болатын. Соның бір көрінісі жергілікті ру-тайпалардың басшылары болып келетін әмірлер билігі мен ықпалының күшейе түсуінен көрінеді. Міне, осы тұста Алтын Орда халқын құраған ірі тайпалардың ықпалы өсе түседі. Сондықтан жергілікті ру-тайпа өкілдерінен шыққан тарихи тұлғалар басқа да тайпа көсемдерінің қолдауына сүйеніп, жоғарғы билікке ұмтыла бастайды. Бұл процесс, әсіресе, Алтын Орда тарихындағы «дүрбелең кезең» деген атпен белгілі 1360-1380 жылдар аралығында айқын көрініс берді. Алтын Орданың оң қанатындағы қыят Мамай, қожа Шеркеш және т.б. әмірлер сарайдағы билікке ұмтылса, сол қанаттан Қызыр, Орда Мелик-шейх, Темір қожа, Мүрид, Ерзеннің ұлы Қасым хан, Шымтайдың ұлы Орыс хан сияқты Жошы ұрпақтары Ақ Орда мен Алтын Орданы біріктіруге, өз биліктерін орнатуға ұмтылады. Ал 1370 жылдардың аяғында сарай тағы үшін күрес Орыс хан мен Мамай арасында өріс алады. Осы тұста Орыс ханның бас әмірі болған Балтықшаның баласы әмір Едігенің де саяси өсуі басталады. Әрине, Едіге есімі келесі бір билеуші Тоқтамыс есімімен ты-

ғыз байланысты. Орыс ханның және оның мұрагерлерінің басты жауына айналған Тоқтамыс Әмір Темірдің көмегімен Орыс хан мұрагерлерін жеңіп, Ақ Ордадағы билікті иеленгені белгілі [2; 114].

«Едіге» жырында тарихи оқиғалар жаңғырығы айқын байқалады. Сол себепті кейбір татар, қарақалпақ ғалымдары бұл туындыны тарихи жыр мен батырлар жыры ортасындағы аралық жанр деп қарайды. Эпос тарихи аңыз негізінде туындағандықтан, оны сол дәуірдегі нақтылы тарихи, саяси, әлеуметтік жағдайларды баяндайтын еңбектермен салыстыра зерделеу шындық пен аңыздың арақатысын айқындай түспек. Ал шығарманың бас қаһарманы — Едігенің өмір сүрген кезеңі мен тарихи орнын Алтын Орда мемлекетінің тағдырынан бөлек алып қарау мүмкін емес [3].

Едіге туралы В.М. Жирмунский: «Сөз жоқ, Едігенің өмірі тұсында-ақ оның есімінің айналасында аңыздар қалыптаса бастады. Оның жеке батылдығы, әскери жетістіктері, елдегі тәртіп пен бірлікті қолдаған басқарушы ретіндегі беделі Едігені танымал етті және оның есімін ұрпақтарының жадында сақталып қалуына ықпал етті», – деп тұжырымдайды [4; 377]. Орыс хан балаларына қарсы соғыста Едіге Тоқтамыстың жанында болғанын тарихшылар дәлелдеген. Көк Орданың тағына отырған соң, Тоқтамыс Едігені үлкен билікке жеткізеді. Тоқтамыс пен Едігенің тату шағы эпостың қазақша нұсқасында:

Жаурындары жақталы,
Түйме бауы тартпалы,
Ал қаракіс тон берді, -
Аны үстіңе ки деді,
Көкала жорға ат мін деді
...Қырымнан дау келсе,
Ал, Едігем, соны сен бітір деді.
Қырымнан жау келсе,
Ал, Едігем, соны сен қыр деді, - деп баяндалған [5; 29].

Едігенің бейнесін ибн Арабшах: «Был он очень смугл (лицом), среднего роста, плотного телосложения, отважен, страшен на вид, высокого ума, щедр, с приятной улыбкой, меткой пронизательности и сообразительности, любитель ученых и достойных людей, сближался с благочестивцами и факирами, беседовал (шутил) с ними в самых ласковых выражениях и шуточных намеках, — деп суреттейді [6; 37]. Сайыпқыран қолбасының халық эпосындағы бейнесі тарихшы сөзіне сай келуі таңырқарлық нәрсе. Мәселен, Ерполат жыршы нұсқасында Едіге:

Рүстем кепті айбатты,
Самрұқтай сымбатты,
Арбадан кең көкірегі,
Арыстан жуан білегі,
Тепсінгенде ер қорыққан,
Дәрия қатып мұз болған,
«Лалалауласқан» қалмақтың
Тоқсанға шыққан кемпірі,
Қорыққаннан қыз болғандай
Айбатты мейман келіп тұр, - деп бейнеленсе, ноғай нұсқасында оның айбатын Сыпыра жырау былайша көрсетеді [7]:

Хан Яныбек хан болған.
Аны коьрип мен озим,
...Нардынъ бойын шорт кескен
Бердибекти коьргенмен.
Зоньнги бавы уьзбе алтын,
Терлиги шым алтын,
Ювенининъ басы алтын,
Куйысканы куйма алтын
Хан Оьзбек хан болған,
Аны коьрип мен озим,
Аннан калган кары ман.
Кубугулдынъ асылы
Аннан да артык усайды [7].

Мемлекетінің абыройын асырып, іргесін қайта бекіткен, батысында әйгілі Витовтты, шығысында Ақсақ Темірді тоқтатқан, көреген саясаткер, сайыпқыран қолбасы туралы халық эпосы:

Кеспе-кеспе сары алтын
Кесіп олжа қылдырды.
Еділ жұртын жыйдырып,
Үлкен бір той қылдырды.
Ағаларды алдырып,
Кеңессіз өскен бұл жұртты
Кеңесті жұрт қылдырды,
Қаланы қайта тұрғызды,
Еліне иелік тұттырды
Ортасына ару орда қондырды, – дейді [5].

Едігеден кейін Алтын Орданың шаңырағы шайқалып, бұрынғы күш-қуаты кеми береді. Бұл жөнінде қазақ жыршылары оны:

Едігем менің ер еді,
Елдің қамын жер еді... - деп жоқтады [5].

Бұл жырдағы әр жолдан Едіге бидің тұлғалық болмысы толық ашылып тұр деуге болады. Бірінші жол — оның ер, азамат, тұлға екендігін айтса, екінші жолдан — халықтың мүддесін ойлаған басшы, көсем болғандығын көреміз. Ал үшінші, төртінші жолдар Едіге бидің — қайтпас батыр, қолбасшы, ел қорғаны болғандығын көрсетсе, қалған соңғы екі жол тарихи тұлғаның би, шешендігін айқындап тұр.

Сондықтан, мәселені зерттеуде жазба деректермен қатар ауыз әдебиеті үлгілерін де дерек ретінде талдау өзекті. Себебі, ауыз әдебиетіндегі мағлұматтар Алтын Орда тарихына қатысты ғылыми айналымға түскен жазба деректердің кең көлемін этникалық тарихтың дерегі ретінде жан-жақты қарастыруға, оларды толықтыра түсуге мүмкіндік береді.

Зерттеушілер М.С. Ноғайбаева мен Б.Б. Кәрімбаевтың пікірінше ауыз әдебиеті материалдарын жазба дерек мәліметтерімен салыстыра қарағанда мынадай ерекшеліктерді аңғарамыз. Жазба дерек мәліметінде ақпараттардың сақталынуы ауыз әдебиетіне қарағанда анағұрлым жақсы болса, XIII-XV ғасырлардағы шығыс Дешті Қыпшақта болған тарихи болмыстың бейнеленуі жазба деректерден гөрі ауыз әдебиетінде анағұрлым жақсы көрінеді. Жазба деректер авторлары көбінесе сырттан келген адамдар болғандықтан, олар оқиғалар мен процестердің сыртқы мазмұнын көрсетумен шектеледі. Ал ауыз әдебиетінің материалдарында тарихи болмыстың сыртқы мазмұнымен қатар, оның ішкі мәні де көрініс береді. Осы жағынан алғанда ауызша дерек мәліметтерінің жазба деректерден бір артықшылығы байқалады [2].

Қорытынды

Қазақтың батырлар жыры эпосқа тән аңыз сияктанғанмен, олардың бәрі дерлік тарихи оқиғаларға құрылған. Бұл тарихи кезең Қазақ хандығы құрылуының алғышарттарының кезеңіне жататындықтан аталған жырларда сол дәуірдің қоғамдық өмірін бейнелейтін мәліметтер кездеседі. Жырдың негізгі идеясы — мемлекеттік мүдде деңгейіндегі батыр тұлғалардың күресі болса, негізгі мотиві батырлықты, ерлікті, туған өлкеге деген сүйіспеншілікті, жауға деген қастандықты, достық пен әділдікті мадақтау. Орта ғасырлардың жоғары көркемдік тарихи-әдеби шығармасы бола отырып, қазақ батырлар жыры қазіргі кезеңнің өзінде халықты саяси-идеялық және эстетикалық тәрбиелеудің құралына айналып, үлкен тәжірибелік мәнге ие болып отыр. Осымен бірге, қазақ батырлар жыры түркі халықтарының тарихы, қоғамдық-саяси және мәдени өмірі жөнінде құнды ақпарат береді. Өзінің батырын және онымен байланысты оқиғаларды дәріптеп, «Едіге батыр» жыры халық тарихының ғапырлық шымылдығын ашады.

Үш ғасырға жуық өмір сүрген Алтын Орда тарихында ресми түрде тақты иеленген хандармен қатар, оның тарихында билеуші әулеттің өкілі болмаса да, терең із қалдырған өзге де тұлғалар жетіп артылады. Тіпті олардың кейбіреулерінің рөлі ресми хандардың рөлінен де басымырақ. Солардың қатарында Едіге бидің (1357-1419 жж.) есімі ерекше айтылады. Алтын Ордадағы ыдыраушылық кезеңінде ол тарих мінберіне көтеріліп, 25 жылдай империя тарихында басты рөлдердің бірін ойнайды. Ширек ғасырға жуық Алтын Орданың күйреуін тежеп, оны қалпына келтіруге ұмтылады. Сонымен бірге қалыптасқан заман талабына сай жаңа мемлекеттілік құрылымға — Ноғай Ордасына негіз қалап береді. Сондай-ақ оның ұрпақтары күні бүгінге дейін өздерінің шығу тектерін Едіге бимен тікелей байланыстырып, мақтан етеді.

Атап айтқанда, Едіге батыр жырында танымал тарихи тұлғалар — Алтын Орда ханы Тоқтамыс, Мавераннахр билеушісі Әмір Темір, Алтын Орда ханының әмірі және Жошы ұлысының билеушісі Едіге жөнінде дәріптеледі. Осы барлық үш басты кейіпкерге әлеуметтік және саяси тұрғыдан сипаттама берілген және Жошы ұлысы аталатын ауқымды территорияда орын алған оқиғалар көрсетілген.

Сондықтан, қазақтың батырлар жыры, соның ішінде «Едіге батыр» жырының тарихи дерек ретіндегі рөлі жоғары деген тұжырым шығаруға негіз бар.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Миров М.О. «Едіге батыр» — Алтын Орда дәуіріндегі ірі оқиғалардың ізі [Электрондық ресурс] / М.О. Миров // https://alashainasy.kz/kazak_tarihy/edge-batyr-altyin-orda-daurndeg-r-okigalardyyn-z-134923/.
- 2 Ноғайбаева М.С. Алтын Орданың этникалық тарихына қатысты ауыз әдебиетінің деректерін талдау / М.С. Ноғайбаева, Б.Б. Кәрібаев // Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Тарих сериясы. — 2016. — №3(82). — Б. 113-118.
- 3 Асанов Ж. «Едіге» эпосы: эпикалық шындық пен тарихи шындық [Электрондық ресурс] / Ж. Асанов // <https://aqtobegazeti.kz/?p=21334>.
- 4 Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос / В.М. Жирмунский. — Л.: Наука, 1997. — 728 с.
- 5 Мағауин Е. Едіге / Е. Мағауин. — Алматы: Айқап, 1993. — 76 б.
- 6 Ибн Арабшах. Чудеса предопределения в судьбах Тимура // Ибн Арабшах / История Казахстана в арабских источниках. — Т. 1. — Алматы: Дайк-Пресс, 2005. — 711 с.
- 7 Асанов Ж.А. «Едіге жыры» — тарихи-қаһармандық эпос. Филол. ғыл. канд. ... дисс. авторефераты. Мамандығы 10.01.09 — фольклортану. [Электрондық ресурс] / Ж.А. Асанов. — Алматы, 2010. // http://edigey.blogspot.com/2014/06/blog-post_4.html.

Г.Б. Нарымбет, С.К. Кабылтаева, Г.Д. Байбосынова

Роль казахского героического эпоса как исторического источника в изучении истории Улуса Джучи

Необходимость изучения казахского героического эпоса в качестве исторического источника продиктована ростом исторического сознания отдельных народов, включая потребности современной науки. Авторами всесторонне изучены место, идея и мотив казахского героического эпоса «Едіге». В настоящей статье определено значение героического эпоса в изучении социально-политической и культурной жизни тюркского народа.

Ключевые слова: героический эпос, эпос «Едіге», история, фольклор, исторический источник, Золотая Орда, Улус Джучи, тюркский народ..

G.B. Narymbet, S.K. Kabylytayeva, G.D. Baibosynova

The role of the Kazakh heroic epic as a historical source in the study of the history of Ulus Jochi

The need to study the Kazakh heroic epic as a historical source is explained by the growth of the historical consciousness of individual peoples, including the needs of modern science. The authors determine the place, idea and motive of the Kazakh heroic epic Edige. The article defines the significance of the heroic epic in the study of the socio-political and cultural life of the Turkic people.

Key words: heroic epic, epic Edige, history, folklore, historical source, Golden Horde, Ulus Jochi

References

- 1 Mirov, M.O. «Edige batyr» — Altyn Orda daurindegi iri oqigalardyn izi ["Edige Batyr" is a trace of major events of the Golden Horde era]. Retrieved from https://alashainasy.kz/kazak_tarihy/edge-batyr-altyin-orda-daurndeg-r-okigalardyyn-z-134923/ [in Kazakh].
- 2 Nogaibayeva, M.S. & B.B. Karibayev. (2016). Altyn Ordany etnikalyq tarikhyna qatysty auyz adebietinin derekterin taldau [Analysis of oral literature data related to the ethnic history of the Golden Horde]. *Qazaq ultyq universitetinin khabarshysy. Tarikh seriiasy — Bulletin of the Kazakh National University. History series*, 3(82), 113-118 [in Kazakh].
- 3 Asanov, Zh. «Edige» epoty: epikalyq shyndyq pen tarikhi shyndyq ["Edige" epic: epic truth and historical truth]. Retrieved from <https://aqtobegazeti.kz/?p=21334> [in Kazakh].
- 4 Zhirmunskii, V.M. (1993). *Tiurkskii geroicheskii epot* [Turkic heroic epic]. Leningrad: Nauka [in Russian].
- 5 Magauin, E. *Edige* [Edige]. Almaty: Aikap [in Kazakh].
- 6 Arabshakh Ibn. (2005). *Chudesa predopredeleniia v sudbakh Timura* [Miracles of predestination in Timur's fate]. *Istoriia Kazakhstana v arabskikh istochnikakh — History of Kazakhstan in Arabic sources*. Almaty: Daik-Press [in Russian].
- 7 Asanov, Zh.A. «Edige zhyry» — tarikhi-qakharmandyq epot ["Song of Ediga" is a historical heroic epic]. Retrieved from http://edigey.blogspot.com/2014/06/blog-post_4.html [in Kazakh].